



БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ басқарма  
төрағасы, ректор








А.М.Наметов  
« 15 » 04 2025 ж.

## ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

# ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

СМЖ.08.ҚЕ.06

Басылым № 08  
Дана № \_\_\_\_\_

Дайындалды: 10.04.2025	Келісілді: 14.04.2025	Енгізілді: 16.04.2025
Е.К.Таскалиев 	У.Б. Таубаев 	27.08.2022ж.
А.У.Султанов 	Н.М.Губашев 	СМЖ.08.ҚЕ.06
А.А.Бакушев 	М.Ж.Алмагамбетова 	орнына.
	Е.Б.Ихсанов 	Қайта каралуы: 17.04.2028

**МАЗМҰНЫ:**

- 1 Мақсаты
- 2 Қолданылуы
- 3 Терминдер мен қысқартулар
- 4 Жауапкершілігі мен өкілеттігі
- 5 Сипаттама
- 6 Құжаттама
- 7 Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген күні	Беттің нөмірі	Дайындаған	
			Аты-жөні, тегі	Қолы

## 1. Мақсаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (әрі қарай университет) Ішкі тәртіп ережелері оқу тәртібін нығайтуға, жұмыс және оқу уақытын тиімді пайдалануға, оқу-тәрбиелік үрдісінің сапасын жақсартуға бағытталған.

## 2. Қолданылуы

Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне, профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлер мен жұмысшыларға және білім алушыларға осы ережені басшылыққа алуға арналған және көрсетілген талаптардың қатаң орындалуын қажет етеді.

## 3. Терминдер мен қысқартулар

### 3.1 Терминдер

Бұл ережеде қолданылған терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері талаптарына сәйкес келеді.

Ережені сипаттау барысында келесі терминдер қолданылады:

**Еңбек және оқу тәртібі** - бұл ішкі тәртіп ережелерін мүлтіксіз орындау, өзінің жұмысы мен оқуына шығармашылықпен қарау, оның жоғары сапалығын қамтамасыз ету, жұмыс уақытын тиімді пайдалану.

### 3.2 Қысқартулар

Үрдісті сипаттау орфография ережелерімен қарастырылған және СМЖ.07.ҚП.01. Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген қысқартулар қолданылады.

## 4. Жауапкершілігі

### 4.1.1 Профессор-оқытушылар құрамының құқықтары мен міндеттері

#### Міндетті:

- 1) міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 2) білім алушыларды жоғары имандылыққа, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
- 3) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өзіндік жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 4) үш жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 5) педагогикалық этиканың ережелерін сақтауға;
- 6) білім алушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен ар-намысын құрметтеуге;
- 7) өзіне белгілі бір сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша мәлімет болған кезде жасырмай бірден жұмыс берушіге хабарлауға;
- 8) іскерлік киім кию үлгісін және қызмет көрсету барысында сыпайылықты сақтауға;
- 9) университет мәртебесін құрметтеуге, университет оқытушысы және қызметкері деген атаққа ар-намысымен, еңбегімен лайықты болуға;
- 10) университеттің миссиясын және кәсіби қызметін атқарғанда өзінің жеке мүддесін ұжымдық мүддемен үйлестіруге;
- 11) университеттің мақсаты мен міндеттерін орындауда өз жауапкершілігін сезінуге, университеттің табысқа жетуіне жеке үлесін қосуға;
- 12) өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениеттілік, жауапкершілік, адамгершілік, академиялық адалдық және әділдік көрсетуге, әріптестерімен және білім алушылармен қарым-қатынаста өзара сыйластықты, қайырымдылықты басшылыққа алуға;
- 13) білім алушылар үшін еңбек тәртібін үлгі етуге, өз университетіне, оның дәстүрлері мен тарихына жанашырлықпен қарауға;
- 14) университеттің іскери абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір қызметтен бас тартуға, оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кез келген

әрекетті болдырмауға;

15) қай жерде болмасын өз әріптестерінің жеке өмірін немесе олардың кемшіліктерін сынамауға;

16) білім алушылардан оқу-ғылым үдерісінің қорытынды нәтижелеріне көмектесу мақсатында сыйлық пен ақшалай сыйақылар алмауға;

17) діни көзқарастарды, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен дінаралық келісімге қарама-қайшы пікірлерді таратпауға;

18) қызмет бабын пайдаланып, білім алушыларға қысым жасап, олардың білімін бағалауда әділсіздік танытпауға;

19) университет әкімшілігінің шешімі мен оның қызметі жайлы жалған ақпаратты таратпауға;

20) университеттегі жұмысын негізгі кәсіби міндеті ретінде санап, білім алушыларға үлгі болуға;

21) міндеттерін жұмыс берушінің актілеріне (Жарғы, Еңбек шарты, Ұжымдық шарт, Ішкі тәртіп ережесі, Лауазымдық нұсқаулық, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі және т.б.) сәйкес орындауға;

22) сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт талаптарын орындауға;

23) оқытушылар басқа мекемелерде қосымша жұмыс жасауы Әкімшіліктің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

#### **Құқылы:**

1) Университетте кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етілген педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) университеттің Ғылыми кеңесінің жұмысына қатысуға;

4) ғылыми-педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградаларға иелену, құрметті атақтарды және сыйақылар мен стипендияларды алуға;

5) өтемақылық төлемдер алуға;

6) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

7) өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

8) университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беруге;

9) біліктілігімен, еңбектің күрделілігімен, санымен және орындалған жұмыстың сапасымен және еңбек жағдайларымен байланысты еңбекке ақы төлеуді талап етуге.

#### **Жауапкершілігі:**

##### **Педагогикалық қызметкерлер жауапты:**

- тікелей басшылықтың өзге де өндірістік тапсырмаларын тиісінше орындамағаны және жұмыскерлер үшін қажетті еңбек жағдайларын сақтамағаны үшін;

- педагог қызметкер атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте осы біліктілік сипаттамасында көзделген өзінің функционалдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамау) үшін;

- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде;

- материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде;

- білім беру сапасын тиісінше қамтамасыз етпегені үшін;

- академиялық адалдықты, ғылыми этика нормаларын, этика және мәдениет нормаларын бұзғаны үшін;

- жұмыс берушінің актілерін (Жарғы, Еңбек шарты, Ұжымдық шарт, Ішкі тәртіп ережесі, Лауазымдық нұсқаулық, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі және т.б.) орындамағаны үшін.

#### **4.1.2 Барлық құрылымдық бөлім қызметкерлері мен жұмысшылардың міндеттері**

##### **Міндетті:**

- 1) еңбек, ұжымдық келісім-шартына, ректордың бұйрығына сәйкес еңбектік міндеттемелерді орындауға;
- 2) бірқалыпты жұмыс жасауға кедергі келтіретін немесе қиындататын себептер мен жағдайларды тез жоюға шаралар қолдану және олар туралы әкімшілікті ескертуге;
- 3) университет ішінде және оның аймағында, жұмыс орындарында және жабдықтарды пайдалануда тазалықты сақтауға, жабдықтарды тапсыруда ақаулықтарды болдырмауға;
- 4) университет меншігіндегі заттарды оқу зертханаларынан және басқа орындардан әкімшіліктің рұқсатынсыз алып шықпауға;
- 5) электр қуатын, суды, жылууды және басқа да материалдық құндылықтарды үнемді және тиімді пайдалануға;
- 6) өзіне белгілі бір сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша мәлімет болған кезде жасырмай бірден жұмыс берушіге хабарлауға;
- 7) іскерлік киім кию үлгісін және қызмет көрсету барысында сыпайылық сақтауға;
- 8) міндеттерін жұмыс берушінің актілеріне (Жарғы, Еңбек шарты, Ұжымдық шарт, Ішкі тәртіп ережесі, Лауазымдық нұсқаулық, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі және т.б.) сәйкес орындауға;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарт талаптарын орындауға;
- 10) қызметкерлер мен жұмысшылардың басқа мекемелерде қосымша жұмыс жасауы Әкімшіліктің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

##### **Құқылы:**

- 1) өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өтемақылық төлемдер алуға;
- 3) университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беруге;
- 4) заңға қарама-қайшы келмейтін өзінің құқығын және заңды мүдделерін қорғауға;
- 5) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарының және еңбек, ұжымдық келісім-шарттарының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жеке және ұжымдық құралдармен, арнаулы киіммен қамтамасыз етілуге;
- 7) біліктілігімен, еңбектің күрделілігімен, санымен және орындалған жұмыстың сапасымен және еңбек жағдайларымен байланысты еңбекке ақы төлеуді талап етуге.

##### **Жауапкершілігі:**

##### **Құрылымдық бөлім қызметкерлері мен жұмысшылар жауапты:**

- тікелей басшылықтың өзге де өндірістік тапсырмаларын тиісінше орындамағаны және жұмыскерлер үшін қажетті еңбек жағдайларын сақтамағаны үшін;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте осы біліктілік сипаттамасында көзделген өзінің функционалдық міндеттерін орындамағаны үшін (тиісінше орындамау);
- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде;
- материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде;
- жұмыс берушінің актілерін (Жарғы, Еңбек шарты, Ұжымдық шарт, Ішкі тәртіп ережесі, Лауазымдық нұсқаулық, Оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі және т.б.) орындамағаны үшін.

#### **4.1.3 Университетте білім алушылардың құқықтары мен міндеттері**

##### **Міндеттері:**

1. білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, университеттің жарғысында көзделген талаптарды орындауға;

2. білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

3. білім алу кезеңдерінде университеттің профессор – оқытушылар құрамы тарапынан қандай да сыбайлас жемқорлық фактілері болған жағдайда міндетті түрде әкімшілікке хабарлауға;

4. білім беру ұйымында қалыптасқан киім кию үлгісін сақтауға;

5. педагогикалық қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

Оқу тәртібін, Ішкі тәртіп Ережесін, Жәңгір хан атындағы университет студентінің антын және Жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін білім алушылар Қазақстан Республикасының Заң шегінде жауапкершілікке тартылады.

#### **Құқылы:**

1. білім берудегі жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2. университет әкімшілігінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;

3. оқу жоспарына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4. өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5. қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы түрден білім беру грантына немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

7. университеттің кітапханасын, ақпараттық қорын, оқу, ғылыми және басқа бөлімдердің қызметтерін ақысыз қолдануға, спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

9. өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

10. өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

11. оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін моральдық көтермеленуге;

12. оқудан бос уақытты жұмыспен ұштастыруға;

13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге шегеруге;

14. медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс алуға.

#### **4.1.4 Әкімшіліктің негізгі міндеттері:**

##### **Әкімшілік төмендегі шарттарды орындауға міндетті:**

1. Профессор-оқытушылар құрамына және басқа да университет қызметкерлеріне жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге, олардың мамандықтары мен біліктіліктеріне сәйкес жұмыс орнын бекітуге, сабақтарының кестесін уақытында хабарлау, жаңа оқу жылына оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және т.б. жұмыс түрлерінен жеке жоспарларын бекіту; басқа категориядағы қызметкерлерді берілген тапсырмамен таныстыру, оларды барлық жұмыс уақытына жұмыспен қамтамасыз етуге;

2. қазіргі заманғы өндіріс талаптарына сәйкес ғылымның және мәдениеттің жаңа жетістіктерін, олардың даму болашағын, еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын ескере отырып, мамандардың сапалы дайындалуына жағдай тудыруға;

3. еңбек, оқу, ғылыми және өндірістік тәртіптің қатаң сақталынуын қадағалау, жұмыс уақытының зая кетуін болдыртпау, жұмыс ресурстарын тиімді пайдалану, тұрақты еңбек ұжымын құруға;

4. еңбек ұжымында іскерлік, шығармашылық жағдай тудыруды қамтамасыз етуге, университет жұмысын жақсартуға бағытталған оқытушылардың, білім алушылардың ұсыныстарын дер кезінде қарап, ендіруге;

5. бөлмелердің таза ұсталуын, жылу және жарық берудің, желдетудің, құрал-жабдықтардың ақаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз етуге, университет жұмысшылары мен білім алушылардың сыртқы киімдерінің сақталынуына жағдай тудыруға, оқу, тәрбиелік, өндірістік және ғылыми үрдістерді қаржылай немесе материалдармен жабдықтауға;

6. еңбекті қорғау ережесі мен заңдарын сақтауға - білім алушылардың оқу жағдайын жақсартуға, барлық жұмыс орындарын техникалық құрал-жарақтармен жабдықтауға және еңбекті қорғау ережесіне сәйкес жұмыс істеу жағдайын жасауға;

7. университет қызметкерлері мен білім алушылардың қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитария және еңбек гигиенасын, өртке қарсы қауіпсіздік нұсқауларының барлық талаптарының сақталуын және олардың осы сұрақтарға байланысты білімдерін бақылауға;

8. жұмысшылардың мұқтаждықтарына, сұраныстарына назар аудару, олардың тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ету, жатақханаларды жөндеу және қажетті деңгейде ұстау, спорттық-сауықтыру кешендерін дамыту, қызметкерлердің демалыстарына көңіл бөлуге;

9. оқу орнының барлық қызметкерлеріне дер кезінде еңбек демалыстарын беруді қамтамасыз етуге;

10. жұмысшылардың іскерлік (өндірістік) біліктілігін, экономикалық және құқықтық білімдерін жүйелі түрде арттыруын қамтамасыз етуге, жұмыстарын өндірісте немесе оқу орнында білім алумен ұштастыруына жағдай тудыруға;

11. еңбек ақысын дер кезінде және толық көлемде төлеп отыру, жұмысшылардың жеке еңбегінің және жұмыстың жалпы нәтижесіне материалдық мүдделілігін қамтамасыз ету, қабылданған еңбек ақы төлеу шарттарының дұрыс қолданылуын сақтауға;

12. қандай да сыбайлас жемқорлық фактісі хабарланған жағдайлар бойынша тиісті шаралар қабылдауға;

13. оқу орнының күзетілуін, құрал-жабдықтардың сақталынуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу және тұрмыстық ғимараттарда қажетті тәртіпті әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерінің тарапынан қолдауды қамтамасыз етуге.

#### **Әкімшілік құқылы:**

Жоғарыда көрсетілген жұмыс берушінің актілерін және өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағандары және педагогикалық әдеп нормаларын бұзғаны үшін университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамына Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген талаптарға сәйкес тәртіптік жазалар қолданады.

## **5. Сипаттама**

### **5.1 Жалпы ережелер**

Университет ішкі тәртіп ережелері ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы» және т.б заңдарға сәйкес әзірленді.

### **5.2 Үдерістің кіріс және шығыс деректерінің құрамына, қорларға қойылатын талаптар**

5.2.1 Кіріс деректері болып Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі табылады.

5.2.2 Шығыс деректері болып бұйрық табылады.

5.2.3 Ішкі тәртіпті орындауға қажетті уақыт пен еңбек сыйымдылығына қойылатын талаптар жұмыстың жекелеген кезеңдеріне жауаптылармен үдерісті жүзеге асыру барысында белгіленеді.

### **5.3 Жұмысты орындау тәртібі**

#### **5.3.1 Жұмыс уақыты және оның пайдаланылуы**

Профессор-оқытушылар, институт басшыларына, оқу көмекші және көмекші қызметкерлерге, ғылым басқармасы және университет құрамындағы ғылыми зертханалар, әкімшілік – шаруашылық қызметі қызметкерлеріне алты күндік жұмыс аптасына 40 сағаттан аспайтын жұмыс күні белгіленеді.

ПОҚ жұмыс аптасының 40 сағаттық жұмыс күні шегінде өздерінің лауазымдарына және жоспарларға сәйкес оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, кәсіби бағыт-бағдар беру, ұйымдастыру,

тәрбие және шығармашылық жұмыстарының барлық түрлерін орындаулары тиіс.

Әкімшілік-басқарушы қызметкерлер үшін ұзақтығы 40 сағаттық бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Қызметкерлердің күнделікті жұмыс регламентін сақтауына, уақытында орындалуына және ай сайынғы жұмыс уақытының есепке алу табелін жасауға әрбір құрылымдық бөлім басшылары бақылауы тиіс және жауапты.

#### **Жұмыстың басталуы және аяқталуы:**

- Профессор-оқытушылар құрамы, Әскери кафедра қызметкерлері, Ғылым басқармасы және университет құрамындағы ғылыми зертханалары, Стратегиялық даму және талдау басқармасы, Білім беру менеджменті және мониторинг басқармасы, Халықаралық ынтымақтастық бөлімі, Мансап және бизнес-серіктестік орталығы т.б. құрылымдық бөлімдерде қосымша оқытушылық қызмет атқаратын қызметкерлер оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, кәсіби бағыт-бағдар беру, ұйымдастыру және шығармашылық жұмыстарының аптадағы 40 сағатты аптаның бес күнінде 8 сағаттан аспайтын, ал алты күндікте аптаның дүйсенбісінен жұмасы аралығында 7, ал сенбі күні 5 сағаттан кем емес уақытта орындауларын өздері реттеулеріне рұқсат беріледі.

- Оқу көмекші және көмекші қызметкерлер, әкімшілік – шаруашылық қызметі қызметкерлері аптаның дүйсенбісінен жұмасы аралығында сағаты 9<sup>00</sup>-ден 17<sup>00</sup>-ге дейін, түскі үзіліс уақыты 13<sup>00</sup>-ден 14<sup>00</sup>-ге дейін. Ал сенбі күні сағат 9<sup>00</sup>-ден 14<sup>00</sup>-ге дейін қызмет атқарады.

- Күнделікті жұмыс уақытының басталуы мен аяқталуы және түскі үзіліс сабақ кестесіне байланысты жүргізіледі.

- Әкімшілік-басқарушы қызметкерлерге бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Сағаты 9<sup>00</sup>-ден 18<sup>00</sup>-ге дейін, түскі үзіліс 13<sup>00</sup>-ден 14<sup>00</sup>-ге дейін.

Қабылданған нормативтік актілерге сәйкес зиянды қызметте істейтін жұмысшылардың жұмыс уақыттарының ұзақтығы қысқартылуы мүмкін.

Қызметкердің еңбекке жарамсыз кезінде оның атқаратын қызметін басқа қызметкерге еңбек шарты негізінде уақытша орындауға жүктеуге болады (басшылардың келісімімен).

Әкімшіліктің рұқсатынсыз қызметкерді жұмыс уақытында өздерінің тікелей атқаратын қызметтерінен алаңдатуға, шақыртуға немесе басқа міндеттерді орындау үшін жұмысынан алуға болмайды.

Университет жұмысшыларының кейбір тобына әкімшіліктің шешімімен белгіленген жұмыс аптасының аясында жұмыстың басталуы мен аяқталуының басқа уақыты қойыла алады.

Қауіпсіздікті бақылау қызметі қызметкерлеріне, Ихтиология және аквакультура зертханасының және «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының күзетші, малды-бағып күтуші қызметкерлеріне ауысымдық жұмыс аптасы белгіленеді.

### **5.3.2 Оқу үдерісінің тәртібі**

Бір оқу жылы аясында оқу процесін ұйымдастыру Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ректор бекітетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, каникул мен практикадан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі қосылады.

Университетте академиялық кезеңнің ұзақтығы білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты 15 апталық – семестрден, 10 апталық – триместрден, 7-8 апталық – кварталдан тұрады. Оқу жылы 1-3 (4) курстарда 34-36 аптадан, оның ішінде 30 - теориялық оқыту, 4-6 апта - аралық аттестаттау/ қорытынды бақылаудан тұрады.

Аралық аттестаттау/қорытынды бақылау ұзақтығы кемінде 3 апта мерзімде ұйымдастырылады.

Каникулдар білім алушыларға әр академиялық кезеңнен кейін беріледі, бұл ретте оқу жылындағы каникулдық уақыттың ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайды.

Қосымша оқу қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа жоғары оқу орындарының келісімі бойынша оқу пәндерін зерделеу және білім алушылардың кредиттерін меңгеруі үшін жазғы семестрді енгізуге жол беріледі.

Оқу пәндері мен оқытушылардың іріктелуін қамтамасыз ету мақсатында кредиттік оқыту технологиясы кезіндегі оқу сабақтарының кестесі оқу пәндері мен оқытушылар бөлінісінде

жасалады.

Академиялық лектер мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны және олардың рентабельділігінің жеткілікті деңгейіне жету қағидаты бойынша қалыптасады.

Білім алушыларды пәндерді оқуға жазуды (Enrollment) Тіркеу офисі ұйымдастырады. Бұл ретте ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын құрылымдық бөлімшелер мен эдвайзерлер жүргізеді.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитындарға аралық аттестаттау қорытындысы бойынша барлық емтихандарды "А", "А-", "В+", "В", "В-", "С+" бағаларымен тапсырған жағдайда шәкіртақы тағайындалынады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша жазғы семестр нәтижелерін есепке ала отырып, Тіркеу офисі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде үлгерімнің орташа балын (GPA) есептейді.

Курстан курсқа ауысу үшін Ғылыми Кеңестің шешімімен курстар бөлінісінде ауысу балы – білім алушыны келесі курсқа ауыстыруға жол беретін үлгерімнің ең төменгі орташа балының шамасы белгіленеді.

Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ауысу балын жинамаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде ақылы негізде жеке пәндерді қайта оқуға (мемлекеттік емтихан тапсырылатын "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәнін қоспағанда) және олар бойынша қайта емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Жазғы семестрдің нәтижелерін есепке ала отырып, оқу жылының қорытындысы бойынша ауысу балын алмаған білім алушы қайтадан оқу курсына қалдырылады.

Қайтадан оқу курсына қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша оқиды немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастырады.

Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы одан әрі оқу кезеңіне мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.

Себепсіз сабаққа жүйелі түрде қатыспайтын (семестр бойы 15 күннен артық) білім алушы институт директорының ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен университеттен шығарылады. Әдетте, "сабаққа жүйелі түрде қатыспаған үшін" оқудан шығар алдында білім алушыға осы себептер бойынша жарияланған әкімшілік жаза қолданылуы тиіс (5 күнге дейін - институт директорының өкімімен ескерту, 5 күн – сөгіс және 10 күн - ректордың бұйрығымен қатаң сөгіс).

Егер білім алушы дәлелді себептерсіз қатарынан 10 күннен астам уақытта сабаққа шықпаса, сонымен қатар директоратты да келмеу себебі туралы хабарламаған жағдайда, ол "университетпен байланысын үзгені үшін" деген тұжырыммен университеттен шығарылады.

Білім алушы белгілі бір пән бойынша (аудиториялық сабақтардан 50% сағаттан артық) дәлелді себепсіз сабаққа келмеген жағдайда, ол ағымдағы және аралық үлгерім бақылауының нәтижелеріне қарамастан, емтиханға автоматты түрде жіберілмейді.

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау, академиялық демалыстан шығу кезінде оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып анықталады.

Басқа жоғары оқу орындарынан ауыстырылған білім алушыларға арнайы бөлімшелердің көптілді топтарында (бар болса) оқуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін білім алушы университет ректорының атына оны көптілді академиялық топқа қабылдау туралы өтініш жазады және тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) білу деңгейін анықтау бойынша кешенді емтихан тапсырады. В1 немесе В2 деңгейіне сәйкес келетін қазақ/орыс және ағылшын тілдерін білуге іріктеуден ойдағыдай өткен білім алушы көптілді топқа оқу тілі пәндеріндегі айырмашылықты жойғаннан кейін ректордың бұйрығымен қабылданады.

Аралық бақылау мен емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін оқу процесін, студенттердің аралық бақылауын және емтихан нәтижелерін жақсарту жөніндегі ұсыныстар жоғары мектептердің, директораттың және Ғылыми Кеңестің отырыстарында талқылауға жіберіледі.

### **5.3.3 Оқу ғимараттары мен студенттік үйлерде тәртіп сақтау**

Университеттің оқу, зертханалық ғимараттарына, барлық қызметкерлер мен профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар арнайы карточка (турникет арқылы) бойынша

жіберіледі.

Университет ғимараттарының ішінде және аумағында тыйым салынады:

- аудитория немесе ғимарат дәліздеріне спорттық киіммен (спорттық шалбар, футболка, жоғарғы іш киім, қысқартылған шалбарлар, үйде киюге арналған жеңіл аяқ киім және т.б.) кіруге;
- дауыстап әңгімелесу, шулау, сабақ кезінде дәлізде жүруге;
- өздерімен бірге кескіш және қадалғыш құралдарды, газ түріндегі заттарды және адам ағзасына әсер ететін буларды бөліп шығаратын әр түрлі баллондарды алып келуге;
- үлкен сомадағы ақша және бағалы ұялы телефондарды алып келуге;
- спирттік ішімдіктерді пайдалануға, құмарлық ойындарды ойнауға, шылым шегуге, түкіру, балағат сөздер айтуға.

Темекі шегу арнайы белгіленген жерлерде ғана рұқсат етіледі.

Студенттік үйлерде тұратын білім алушылар студенттік үйде тұру Ережесін қатаң сақтауы тиіс.

Студенттік үй коменданттары, қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері оқу жылының аяғында студенттік үйде тұру Ережесін бұзған білім алушылардың тізімін оқу жұмыстары жөніндегі проректор мен институт директорларына тапсыруы қажет. Студенттік үйде тұру Ережесін бұзған білім алушыларға екінші рет тұруға рұқсат етілмейді.

Оқу ғимараттарында таңертеңгі сағат 8<sup>30</sup> дан бастап оқу кестесінде көрсетілген сабақтар толық аяқталғанға дейін және студенттік жатақханаларда кешкі сағат 18<sup>00</sup> ден 22<sup>00</sup> ге дейін оқытушылардың кезекшіліктері ұйымдастырылады.

Оқытушылардың кезекшілік кестесі тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректормен келісіліп, басқарма төрағасы – ректордың бірінші орынбасарымен бекітіледі, бір данасы оқу ғимараттарындағы және студенттік үйдегі қауіпсіздік қызметкерлеріне тапсырылады.

Институт директорлары өз оқытушыларының кезекшілікке бейджикпен және «Кезекші» деген жазуы бар байлауышпен шығуларын қамтамасыз етеді.

Кезекшілік кезінде кезекші оқытушы тіркелген тәртіп бұзушылық фактілерін арнайы журналға тіркейді.

Тәртіп сақтау және қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлері ғимараттарға кіру есіктерінің сабақ арасындағы үзілістерінде ғана ашып, кезекті сабаққа кіруге қоңырау соғылғанда қайтадан жабылуын қамтамасыз етеді.

Оқу ғимараттарының, оның ішіндегі бөлмелердің, зертханалар мен кабинеттердің есіктерінің кілттері университеттің тәртіп сақтау және қауіпсіздік бөлімінің қызметкерлеріне тіркеу журналына қол қойылып тапсырылады.

### 5.3.4 Жұмыстағы және оқудағы жетістіктері үшін марапаттау

Әкімшілік оқытушылар мен қызметкерлердің орындайтын жұмыстарының сапасын арттыру, мүдделілігін күшейту үшін сыйақы беру жүйесін және еңбекке ынталандырудың басқа да нысандарын қолдана алады. Бұл ректордың бұйрығымен жарияланады, барлық ұжымға хабарландырылады және білім алушылардың (оқу, ғылыми және спорттық-мәдени саласындағы жетістіктері) жеке ісінде сақталынады.

Қызметтік міндеттерін адал атқарғандығы, ұзақ мерзім ескертусіз жұмыс істегені үшін, еңбектегі жаңашылдығы және басқада жетістіктері үшін профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқарушы және оқу-көмекші қызметкерлер, сонымен қатар жұмысшылар:

- алғыс жариялау (алғыс хат);
- университеттің грамотасымен;
- ақшалай сыйақымен;
- Үкімет наградалары мен ведомстволық наградаларға ұсынылады.

### 5.4. Үдерістің сәйкестендірілген тәуекелдері

№	Сәйкестендірілген тәуекелдер	Тәуекелдердің алдын-алу бойынша шаралар
1.	Ішкі тәртіп ережелерін сақтамау	Оқытушылар мен қызметкерлерді ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру

## **5.5. Үдерісті мониторингілеу (бағалау) және басқару әдістері**

Басқарма төрағасы-ректор, басқарма төрағасы – ректордың орынбасарлары және барлық бөлімше жетекшілерінің тарапынан бақылау.

### **6. Құжаттама**

-

### **7. Сілтемелер**

ҚР «Білім туралы Заңы» 27.07.2007 ж. №319-III;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптары;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ»Жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.23. Университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі;

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты.



УТВЕРЖДАЮ  
Председатель правления, ректор  
НАО Западно-Казахстанского  
аграрно-технического университета  
имени Жангир хана  
А.М.Наметов  
«15» 04 2025 г.

ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
ПРАВИЛА ВНУТРЕННЕГО РАСПОРЯДКА  
СМК.08.ПД.06

Редакция № 08  
Экземпляр № \_\_\_\_\_

Разработано: 10.04.2025	Согласовано: 14.04.2025	Введено: 16.04.2025
Таскалиев Е.К.	Таубаев У.Б.	Взамен: СМК.08.ПД.06
Султанов А.У.	Губашев Н.М.	от 27.08.2022 г.
Бакушев А.А.	Алмагамбетова М.А.	Пересмотр:
	Ихсанов Е.Б.	17.04.2028

## СОДЕРЖАНИЕ

1. Цель
2. Применение
3. Термины и сокращения
4. Ответственность и полномочия
5. Описание
6. Документация
7. Ссылки

Изменения				
	Дата введения	Номера страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

## **1. Цель**

Правила внутреннего распорядка направлены на укрепление учебной дисциплины, эффективное использование трудового и учебного времени, на улучшение качества учебно-воспитательного процесса в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете им. Жангир хана (далее университет).

## **2. Применение**

Всем структурным подразделениям университета, профессорско-преподавательскому составу, сотрудникам и работникам, а также обучающимся необходимо руководствоваться настоящим положением и строго выполнять указанные требования.

## **3. Термины и сокращения**

### **3.1 Термины**

Термины и определения, применяемые в настоящем положении, соответствуют СТ РК ИСО 9001-2016 Система менеджмента качества. Требованиям.

При описании положения используются следующие термины:

**Трудовая и учебная дисциплина** – это надлежащее исполнение правил внутреннего распорядка, творческий подход к своей учебе и работе, обеспечение ее высокого качества, эффективное использование рабочего времени.

### **3.2 Сокращения**

При описании процесса используются сокращения, предусмотренные правилами орфографии и приведенные в процедуре СМК.07.ДП.01. Документирование информации.

## **4. Ответственность и полномочия**

### **4.1.1 Права и обязанности ППС**

Педагогический работник имеет:

Обязанности:

